

КӘСІПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ЕСЕПТЕР

1. Кәсіпорын жабдықтарының тозу коэффициенті 0,45-ке тең, жыл соңындағы құны 180000 тенге болса, жарамдылық коэффициенті неге тең?
2. Негізгі қордың орта жылдық құны 7160 мың тг., есептік жылы жұмысшы саны 300 адамды құраса, кәсіпорындағы еңбек қорымен жарақтану көрсеткішін анықта.
3. Кәсіпорында жұмысшылардың саны қысқарғандықтан, қор сыйымдылық 4,5% азайса, қор қайтарым көрсеткіші қалай өзгереді?
4. Негізгі капиталдың алғашқы құнын анықта. Амортизациялық норма 23,6%, ал жылдық амортизация 65,8 мың тенге.
5. Қор қайтарымы мен қормен жарақтанудың өсу пайызын анықта. Егер, негізгі өндірістік капиталдың орташа жылдық құны 8,5 млн. тенге, есептік жылдағы өнім көлемі 14,2 млн. тенге, кәсіпорында есептік жыл бойынша бір жұмысшының өнімділігі 3,5 мың тенге болса. Жоспарлы кезеңде өнім көлемін 0,2 млн. тенгеге, ал бір жұмысшы өнімділігін 0,3 мың тенгеге арттыру қарастырылды.